**Жәңгір хан көшесіндегі N 47, 53, 55, 57, 57/1, 59, 61 тұрғын үйлердің жылуына жылу энергиясын тұтыну нормасын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 13 желтоқсандағы N 2947 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 16 қаңтарда N 7-1-81 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 24 желтоқсандағы N 3224 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2009.12.24 N 3224 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 10 бұйрығымен бекітілген "Электр энергиясын пайдалану және Жылу энергиясын пайдалану ережелерін бекіту туралы" электр энергиясын пайдалану Ережесінің 67 тармағына сәйкес, ұсынылған есептер негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Алты айлық есептеу мерзімі кезінде "Универсервис" ЖШС тарапынан жылытылатын Жәңгір хан көшесіндегі N 47, 53, 55, 57, 57/1, 59, 61 тұрғын үйлердің тұтынушылары үшін 1 ш.м. алаңға жылу энергиясын тұтыну нормасы айына 0,0293 Гкал/м$^2$ мөлшерінде бекітілсін (N 1 қосымша).

2. Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі (Ә. Ж. Қадыров) осы қаулыдан туындайтын мәселелер бойынша барлық қажетті шаралар қолдансын.

3. Бұл қаулы Батыс Қазақстан облысы бойынша әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап заңды күшіне енсін.

3-1. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. Қаулы 3-1 тармақпен толықтырылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2008.06.19 N 1606 Қаулысымен.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А. Ю. Горобцовқа жүктелсін.

*Қала әкімінің міндетін атқарушы*

Қосымша 1
Орал қаласының әкімдігінің
2007 жылғы 13 желтоқсандағы
N 2947 қаулысымен бекітілді

**Жылытылған тұрғын үй ғимаратының 1 м$^2$ауданының 1 адамға есептелген жылу қуатының жұмсалуының айлық нормалық көрсеткішінің есебі**

"Универсервис" ЖШС директоры Айтуев Ж.И.
Есепті тексерген
"Универсервис" ЖШС бас инженері Тихомолов П.Д.
Орал қаласы, 2007ж.

## I. Негізгі мәлімет

Орал қаласында жылу жүйесін жобалау үшін сырттағы ауаның есептік температурасы минус 31 С$^0$.
- Жылыту мерзімінің ұзақтығы (тәулікте) - 190
- Жылыту мерзіміндегі сыртқы ауаның орташа температурасы - минус 6 С$^0$.
- МСН 2.04. - 01.-98 "Строительная климатология" сәйкес температураның орташа айлық мәліметі және жылыту кезеңінің ұзақтығы N 1 таблицада берілген.

Таблица 1

| Айлар | Күндер саны | Ұзақтығы, сағат | Сыртқы ауаның орташа айлық температурасы |
|---|---|---|---|
| қазан | 15 | 360 | +2,0 |
| қараша | 30 | 720 | -8,2 |
| Желтоқсан | 31 | 744 | -15,3 |
| қаңтар | 31 | 744 | -18,3 |
| Ақпан | 28 | 672 | -16,9 |
| Наурыз | 31 | 744 | -10,2 |
| Сәуір | 24 | 576 | +2,0 |
| Жылыту мерзіміндегі жиыны | 190 | 4560 | -6,0 |

Ғимараттың ауданы мен құрылымының (этаж) 2007 жылғы 1 қаңтарындағы жайы туралы жинақтық мәліметі N 2 таблицада көрсетілген, топтық талдауы - 1 қосымшада.

| Топ | Этаждар | Үйлер саны | Жылыту ауданы м 2 | Тұрғындар саны |
|---|---|---|---|---|
| 5 және одан көп этаждар | Бес этаждық | 7 | 21570 | 1190 |
| Жиыны | | 7 | 21570 | 1190 |

Пайдаланылған нормативті құжаттардың тізімі:
Сни П 2.04.07.-86* "жылу желілері"

Сни П 2.04.01- 86* "ғимараттың ішкі су құбыры мен канализация" МСН 2.04.01-98 "құрылыс климатологиясы"

## II. Есептеу принципі

Тұрғын үй ғимаратының 1 $м^2$ ауданының этаждық құрылымы мен сыртқы ауа температурасын есепке алғандағы орташа есептік, орташа мерзімдік нормативінің есебі.

Бағалау есебі тұрғын үйдің жылуды тұтынушыларының коммуналдық қажеттіліктері базасының нормасына сәйкес Сни П 2.04-07-86* құжаты негізінде жасалды, себебі көп пәтерлі үйлердің жобалау құжаттары көптеген жағдайда сақталмаған.

- Ғимараттардың топтары бойынша нормалық көрсеткіштерін пайдалану шаралары өткізілді, бұған дейін қаланың бір объектісінде де мұндай шаралар өткізілмеген. Қаланың нақты жағдайындағы массалық есепті жеңілдету мақсатында топтарға арналған бірдей көрсеткіштер пайдаланылады. (Жылу қуатының -6 $C^0$ температурадағы 1 $м^2$ аудандағы ағымының көрсеткіші) СниП 2.0.4-07-86* нормативтік таблица негізінде алынды.

Базалық көрсеткіш бойынша температураның -31 $C^0$ есептік көлемі Батыс аймақтың орташа мерзімдік көрсеткішіне сай ғимараттардың құрылымдық жағдайына есептеліп, N 3 таблицада көрсетілген.

| Тұрғын үй ғимаратының этаждары | Ғимарат сипаты | t=31 $C^0$Qр, Вт сыртқы ауа температу- расына сәйкес жылу ағымының есебі | Орташа мерзімдік көрсеткіш температура -6 $C^0$Qр, Вт | Орташа мерзімдік көрсеткіш температура -6 $C^0$ Гкал/айы*$м^2$ |
|---|---|---|---|---|
| 1985 жылға дейінгі құрылыстар үшін | | | | |
| 5 және одан көп | Қуатты сақтау шаралы несепке алмай, ендірмей | 98,8 | 50,5 | 0,031 |
| 1985 жылдан кейінгі құрылыстар үшін | | | | |
| 5 және одан көп | Жаңа типтік жобалар | 88,6 | 45,2 | 0,028 |

Ескерту:

1. Жылу қуатын сақтау шаралары ғимараттарды күрделі және ағымдағы жөндеу кездерінде жүргізіледі, жылу қуатының жоғалмауын, ғимараттың жылу сақтауын қамтамасыз ету жұмыстары жасалады.

2. Жаңа типтік жобалар бойынша ірілендірілген көрсеткіштер ғимараттың архитектуралық-жоспар шешімдері мен жылу қуатының жоғалмауын қамтамасыз ететін жетілдірілген физикалық жылу сақтау ерекшеліктері сақталған құрылыс

қолдану негізінде жасалады.

"Универсервис" ЖШС массивтік зерттеулері нәтижесінде "1985 жылға дейінгі, жылу қуатын сақтау шаралары енгізілмеген" категориясы бойынша 5 этажды құрылыстар, ал "5 және одан көп" бойынша көрсеткіштердің орташа әр қатынасы (50,5 және 45,2 ) - 47,9 Вт дейін алынды.

Әрбір айға жылу ағымының көрсеткіші төмендегі формула бойынша орташа айлық температура көлемінде есептеледі: Q=_q_с.м. 0* 20-(tс.м.н.в.)_
20-(-6)

Осы есеп бойынша, 1 м$^2$ жалпы ауданға жылуды тұтыну Гкал жылу ағымының есебін айдың ұзақтығына (сағатпен) көбейту арқылы есептеледі. Вт* Гкалориядағы есептеу бірлігіне аудару арқылы.

"Универсервис" ЖШС орташа есептелген, орташа мерзімдік нормативті барлық тұрғын үй массивінің орташа есептелген жалпы жылытылатын ауданының өлшемдік бөлшегін ескере отырып шығарды.

## III. Есептеу бөлігі

"Универсервис" ЖШС тұрғын үй секторының жылуды тұтынудың айлық және орташа мерзімдік мәнін барлық топтарға орта есеппен есептелген қорытындысын N 5 таблицада берілген.

| Этаждар саны | 5 және одан көп | | | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| Аудан, м$^2$ | 21570 | | | 21570 |
| Тнв=8,6;<br>Вт нормативті | 47,9 | Тнв, Гкал/ай*1 м$^2$ келтірілген нормативті | | Орташа есептелген норматив |
| Ай | Күндер саны | Тнв, С$^0$ | 5 және одан көп | |
| қазан | 15 | 2 | 0,095 | 0,101 |
| қараша | 30 | -8,2 | 0,0292 | 0,0304 |
| Желтоқсан | 31 | -15,3 | 0,0378 | 0,0394 |
| қаңтар | 31 | -18,3 | 0,0410 | 0,0427 |
| Ақпан | 28 | -16,9 | 0,0357 | 0,0372 |
| Наурыз | 31 | -10,2 | 0,0323 | 0,0337 |
| Сәуір | 24 | 2 | 0,0151 | 0,0165 |
| Жылыту мерзіміндегі жиыны | 190 | -6 | 0,0294 | 0,0293 |

## IV. Қорытындылар

Орындалған тексеру есептерінің нәтижелері бойынша төмендегідей қорытынды жасауға болады: "Универсервис" ЖШС-нің тұрғын үй ғимараттары массивінің орташа есептелген орташа мерзімдік орта есебі жылытылатын жалпы

ауданның өлшемдері бөлшегін ескере отырып, әртүрлі топтарға жасаған нормативі 0,0293 Гкал/ $м^2$ ауданды жылыту есебіне сәйкес тең келеді.

Е С Е П Т І Ж А С А Ғ А Н Д А Р :

*Б а с б у х г а л т е р*

*Жылу-қуат қызметінің инженері*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК